

| | | |
|---|---|---|
| «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ | Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комитет туралы Ереже | ҚТЕ Ш-15-2022 01-нұсқа Күні 18.07.2022 9 беттің 1-беті |
|---|---|---|

Бекітемін
«Әбілқас Сағынов атындағы
Қарағанды техникалық уни-
верситеті» КеАҚ Басқарма
Төрағасы ректоры



М. К. Ибатов

Тылыми кеңестің шешімі

2022 г. № 13

ҚТЕ Ш-15-2022

САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ ТУРАЛЫ

ЕРЕЖЕ

Әзірлеген: Комплаенс-офицер

Г.С. Жетесова

Қарағанды

| | | |
|---|---|---|
| «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ | Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комитет туралы Ереже | ҚТЕ Ш-15-2022 01-нұсқа Күні 18.07.2022 9 беттің 2-беті |
|---|---|---|

Мазмұны

| | |
|---|---|
| 1 Қолдану саласы | 3 |
| 2 Терминдер, анықтамалар және қысқартулар | 3 |
| 3 Жалпы ережелер | 3 |
| 4 Сапаны қамтамасыз ету комитеті қызметінің негізгі бағыттары мен міндеттері | 4 |
| 5 Кеңесті сайлау және оның жұмыс тәртібі | 5 |
| 6 Келісу, бекіту және қолданысқа енгізу | 5 |
| 7 Қолжетімділікті қамтамасыз ету | 6 |
| 8 Сақтау | 6 |
| 9 Талдау және өзектендіру | 6 |
| 10 Өзгерістер енгізу | 7 |
| А Қосымшасы Келісу парағы | 8 |
| Б Қосымшасы Танысу парағы | 9 |

| | | |
|---|--|---|
| «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ | Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комитет туралы Ереже | ҚТЕ Ш-15-2022 01-нұсқа Күні 18.07.2022 9 беттің 3-беті |
|---|--|---|

1 Қолдану саласы

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ-тің (бұдан әрі – Университет) сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комитет туралы бұл Ереже Университеттің факультеттерінде оқу-әдістемелік жұмыстың сапасын ұйымдастыруға және бақылауға арналған тұрақты жұмыс істейтін кеңесші орган болып табылатын СҚК мүшелерін сайлау тәртібін қоса алғанда, қызметті ұйымдастыру тәртібін айқындайды.

2 Терминдер, анықтамалар және қысқартулар

- Университет – «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ;
- БСӨ – басшылықтың сапа жөніндегі өкілі;
- СҚК – сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комитет.

3 Жалпы ережелер

3.1. Бұл Ереже Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комитеттің (СҚК) мәртебесі мен өкілеттігін айқындайды. Ереже ҚР БҒМ-ның: «Оқу-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» 27.07.2015 ж. №488, «Әдістемелік (оқу-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік) кеңес қызметінің Үлгілік қағидаларын бекіту және оны сайлау тәртібі туралы» 21.12.2007 ж. №644 бұйрықтарына және Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің Академиялық кеңесі туралы Ережесіне сәйкес әзірленді.

3.2. Ереже университет факультеттерінде оқу-әдістемелік жұмыстың сапасын ұйымдастыруға және бақылауға арналған тұрақты жұмыс істейтін кеңесші орган болып табылатын СҚК мүшелерін сайлау тәртібін қоса алғанда, қызметті ұйымдастыру тәртібін белгілейді.

3.3. СҚК өз қызметінде ҚР «Білім туралы» Заңының, «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңның ережелерін, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің жалпыға міндетті мемлекеттік стандарттарын, «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 Бұйрығын), «Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын» (ҚР БҒМ 20.04.2011 ж. № 152 Бұйрығын), нормативтік құжаттарды, Университет Жарғысын, Академиялық саясат туралы Ережені, академиялық кеңес туралы Ережені және осы Ережені басшылыққа алады.

| | | |
|---|---|---|
| «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ | Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комитет туралы Ереже | ҚТЕ Ш-15-2022 01-нұсқа Күні 18.07.2022 9 беттің 4-беті |
|---|---|---|

4. Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комитет қызметінің негізгі бағыттары мен міндеттері

4.1. Факультеттің сапасын қамтамасыз ету жөніндегі комитет қызметінің негізгі бағыттары мен міндеттері:

1) кафедралар аясында озық педагогикалық тәжірибені жинақтау мен тарату және білім беруді ақпараттандыру жөніндегі іс-шаралардың өткізілуін бақылау;

2) оқу процесінде оқытудың инновациялық технологияларын енгізуді қамтамасыз ету;

3) кафедралардың оқу процесіне ғылыми жобалар мен өндірістік жетістіктердің нәтижелерін енгізуді қамтамасыз ету;

4) оқу процесін әдістемелік қамтамасыз етуді, оның ішінде пәннің оқу-әдістемелік кешенін бекіту және енгізу (силлабус, дәрістердің қысқаша конспектісі, зертханалық, практикалық және жеті-нарықтық сабақтарға арналған тапсырмалар, СӨЖ/МӨЖ/ДӨЖ үшін тапсырмалар, сабақтың тақырыптары мен түрлері бойынша өз бетінше жұмыс істеуге арналған оқу-практикалық материал (кейстер), пәнді оқу-әдістемелік қамтамасыз ету карталары);

5) дайындықтың қазіргі және перспективалық бағыттары бойынша мамандарға қажеттілік болжамының дерекқорын құру үшін маркетингтік зерттеулерді ұйымдастыру;

6) оқытудың дидактикалық-әдістемелік, оқу-материалдық және цифрлық құралдарын бекіту және енгізу;

7) оқулықтарды, оқу, оқу-әдістемелік және дидактикалық-әдістемелік құралдарды сараптау;

8) нормативтік құқықтық құжаттарды, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мамандықтарының сыныптауышын, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізу;

9) жұмыстық оқу бағдарламаларын қарау және бекіту, үлгілік оқу бағдарламаларының жобаларын дайындауға қатысу;

10) білім берудің жалпыға міндетті мемлекеттік стандарттарының талаптарын ескере отырып, жұмыстық оқу жоспарлары мен жұмыстық оқу бағдарламаларын қарау және бекіту;

11) оқыту сапасын, білім алушылардың оқу жетістіктерінің деңгейін талдау;

12) оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты жетілдіру жөніндегі тақырыптық ғылыми, ғылыми-әдістемелік семинарларды талдау;

13) студенттердің, магистранттардың, докторанттардың ғылыми-зерттеу, ғылыми-әдістемелік жұмыстарының мазмұны мен формасын талдау.

| | | |
|---|---|---|
| «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ | Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комитет туралы Ереже | ҚТЕ Ш-15-2022 01-нұсқа Күні 18.07.2022 9 беттің 5-беті |
|---|---|---|

4.2. Кафедраның сапасын қамтамасыз ету жөніндегі комитет қызметінің негізгі бағыттары мен міндеттері:

1) кафедра аясында озық педагогикалық тәжірибені жинақтау мен тарату және білім беруді ақпараттандыру жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу;

2) кафедра білім беру бағдарламасын кітаппен қамтамасыз етуін талдау;

3) оқу процесін оқу-әдістемелік қамтамасыз етуді әзірлеу жөніндегі жұмысты жоспарлау;

4) оқу процесін әдістемелік қамтамасыз етуді әзірлеу және енгізу;

5) оқытудың жаңа технологиялары бойынша, оның ішінде кредиттік және кашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу-әдістемелік құжаттарды әзірлеу, бекіту және енгізу;

6) кафедраның ғылыми әзірлемелерінің нәтижелерін және оқу процесі мен өндіріске енгізілген өндірістік жаңалықтарды зерделеу және талдау;

7) даярлаудың қолданыстағы және перспективалық бағыттары бойынша мамандарға қажеттілікті болжау үшін деректер базасын құру мақсатында маркетингтік зерттеулер жүргізу;

8) оқытудың дидактикалық-әдістемелік, оқу-материалдық және цифрлық құралдарын әзірлеу және енгізу;

9) оқулықтар, оқу, оқу-әдістемелік және дидактикалық-әдістемелік құралдар әзірлеу;

10) жұмыстық оқу бағдарламаларын әзірлеу, үлгілік оқу бағдарламаларының жобаларын дайындауға қатысу;

11) жалпыға міндетті білім беру мемлекеттік стандартының талаптарын ескере отырып, жұмыстық оқу жоспарлары мен жұмыстық оқу бағдарламаларын әзірлеу;

12) тақырыптық ғылыми, ғылыми-әдістемелік семинарларды, конференцияларды, вебинарларды, оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмыстарды жетілдіру жөніндегі Кеңестерді ұйымдастыру және өткізу;

13) студенттердің, магистранттардың, докторанттардың ғылыми-зерттеу, ғылыми-әдістемелік жұмыстарының мазмұны мен формасын ұйымдастыру және үйлестіру.

5. Комитетті сайлау және оның жұмыс тәртібі

5.1. Факультет СҚК-нің құрамына кафедра меңгерушілері, кафедра оқытушылары – тәжірибелі әдіскерлер мен білім алушылар кіреді. СҚК құрамы жыл сайын факультет деканының өкімімен бекітіледі.

Кафедра СҚК құрамына кафедра меңгерушісі, кафедра оқытушылары – тәжірибелі әдіскерлер мен білім алушылар кіреді. Кафедраның СҚК құрамын жыл сайын тиісті кафедраның меңгерушісі бекітеді.

| | | |
|---|---|---|
| «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ | Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комитет туралы Ереже | ҚТЕ Ш-15-2022 01-нұсқа Күні 18.07.2022 9 беттің 6-беті |
|---|---|---|

5.2. Факультет СҚК қызметіне басшылықты Төраға – факультет кафедраларының бірінің тәжірибелі оқытушысы жүзеге асырады.

Кафедра СҚК қызметіне басшылықты Төраға – кафедраның тәжірибелі оқытушысы жүзеге асырады.

5.3. Факультет СҚК төрағасы жылына бір рет факультет кеңесінде, Академиялық кеңесте қызмет нәтижесі туралы есеп береді.

Кафедра СҚК төрағасы жылына бір рет факультет кеңесінде қызмет нәтижесі туралы есеп береді.

5.4. СҚК мүшелерінің ішінен ашық дауыс беру арқылы хатшы сайланады;

5.5. СҚК жұмысы СҚК отырысында қабылданған және факультет деканы бекіткен тиісті кезеңге арналған күнтізбелік жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырылады;

5.6. Факультет пен кафедралардың СҚК отырыстары айына кемінде бір рет өткізіледі.

5.7. СҚК мәжілісінде қаралған мәселелердің нәтижелері бойынша СҚК ұсынымдары қатысып отырған мүшелердің көпшілік дауысымен қабылданады және хаттамамен рәсімделеді. Отырыс хаттамалары мен СҚК шешімдеріне СҚК төрағасы мен хатшысы қол қояды.

5.8. Егер оған мүшелерінің кемінде үштен екісі қатысқан болса, СҚК заңды болып саналады;

5.9. СҚК-ның әрбір мүшесі Кеңестің барлық отырыстарына қатысуға, оның жұмысына белсенді араласуға, өзіне жүктелген тапсырмаларды уақтылы және нақты орындауға тиіс.

6 Келісу, бекіту және қолданысқа енгізу

Осы Ережені Ғылыми кеңес бекітеді.

Осы Ережені келісуді Басқарма мүшесі – академиялық мәселелер жөніндегі проректор жүзеге асырады және «Келісім парағында» (А қосымшасы) рәсімделеді.

Құжатты енгізу күні құжатты бекіту/келісу күні болып есептеледі. Құжат оны бекіткен сәттен бастап күшіне енеді.

7 Қолжетімділікті қамтамасыз ету

Бөлімшелерді осы Ереженің даналарымен қамтамасыз ету сайтта орналастыру жолымен жүзеге асырылады.

8 Сақтау

Осы Ережені сақтау V-01-2022 ДП сәйкес жүргізіледі.

9 Талдау және өзектендіру

Осы Ережені тексеру, талдау және өзектендіру V-01-2022 ДП сәйкес жүргізіледі.

| | | |
|---|---|---|
| «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ | Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комитет туралы Ереже | ҚТЕ Ш-15-2022 01-нұсқа Күні 18.07.2022 9 беттің 7-беті |
|---|---|---|

10 Өзгерістер енгізу

Осы Ережеге өзгерістер енгізу V-01-2022 ПД сәйкес жүргізіледі.

| | | |
|---|---|---|
| «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ | Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комитет туралы Ереже | ҚТЕ ІІІ-15-2022 01-нұсқа Күні 18.07.2022 9 беттің 9-беті |
|---|---|---|

Б Қосымшасы
(міндетті)

Ф.02-2022

Танысу парағы

| Лауазымы | ТАӘ | Күні | Қолы |
|----------|-----|------|------|
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |